

**2015 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы**

Жамбыл облысы Сарысу ауданының әкімдігі 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 346 қаулысы. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 03 ақпанда № 2485 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңының 6 бабының 4 тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес Сарысу ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Сарысу ауданында 2015 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Д.Асановаға жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

|             |                                                                                    |
|-------------|------------------------------------------------------------------------------------|
| Аудан әкімі | Қ. Мәдібек                                                                         |
|             | Сарысу ауданы әкімдігінің<br>2014 жылғы 30 желтоқсандағы<br>№346 қаулысына қосымша |

**Сарысу ауданында 2015 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері**

| № | Мектепке дейінгі мемлекеттік ұйымдар | Мемлекеттік білім беру тапсырысы (орын), оның ішінде қаржыландырылатын |                            | Бір айға жан басына шаққандағы қаржыландыру мөлшері, (теңге) оның ішінде қаржыландырылатын |                                    | Бір айға ата-ананың ақы төлеу мөлшері (теңге) |
|---|--------------------------------------|------------------------------------------------------------------------|----------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------|-----------------------------------------------|
|   |                                      | республикалық нысаналы трансферттер есебінен                           | Жергілікті бюджет есебінен | республикалық нысаналы трансферттер есебінен (теңге)                                       | Жергілікті бюджет есебінен (теңге) |                                               |
| 1 | Балабақшалар (ауыл)                  | 250                                                                    | 300                        | 25784                                                                                      | 25784                              | 6000                                          |
| 2 | Шағын орталықтар (                   | 275                                                                    | 25                         | 16588                                                                                      |                                    | 4500                                          |

|   |                             |     |     |       |       |      |
|---|-----------------------------|-----|-----|-------|-------|------|
|   | ауыл)                       |     |     |       | 16588 |      |
| 3 | Балабақшалар<br>(қала)      | 585 | 255 | 21822 | 21822 | 6000 |
| 4 | Шағын<br>орталықтар ( қала) | 75  | 50  | 14744 | 14744 | 4500 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК